



## "Инвестициялар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 15 қазан N 1322

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Инвестициялар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы  
Қазақстан Республикасының Парламенті Мажілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Жоба

### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Инвестициялар туралы

Осы Заң Қазақстан Республикасындағы инвестицияларға байланысты қатынастарды реттейді және инвестицияларды ынталандырудың құқықтық және экономикалық негіздерін белгілейді, Қазақстан Республикасында инвестицияларды жүзеге асырған кезде инвесторлардың құқықтарын қорғауға кепілдік береді, инвестицияларды мемлекеттік қолдаудың шараларын, инвесторлар қатысатын дауларды шешудің тәртібін белгілейді.

1 - тарапу. Жалпы ережелер

1-бап. Қазақстан Республикасының инвестициялар жөніндегі заңдары

1. Қазақстан Республикасының инвестициялар жөніндегі заңдары Қазақстан Республикасының K951000\_ Конституциясына негізделеді және осы Заңың нормаларынан, Қазақстан Республикасының заңдарынан және өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

## 2 . О с ы З а н :

мемлекеттік бюджет қаражатынан инвестицияларды жүзеге асыруға; коммерциялық емес ұйымдарға, оның ішінде білім, қайырымдылық, ғылым немесе дін мақсаттары үшін капитал салуға байланысты қатынастарды реттемейді.

3. Инвестицияларды жүзеге асырған кезде туындайтын және өзге де заң актілерін қолдану саласына жататын қатынастарға осындай заң актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, осы Заңың ережелері қолданылмайды.

4. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда осы Заңда көзделгеннен өзгеше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қ о л д а н ы л а д ы .

5. Инвестициялық артықшылықтар осы Заңда белгіленген тәртіппен беріледі.

2-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі терминдер мен анықтамалар

Осы Заңда мынадай анықтамалар пайдаланылады:

1) инвестициялар - егер азаматтық құқықтардың мұндай объектілері заң актілеріне сәйкес Қазақстан Республикасында айналымда шектелмесе, инвесторға тиесілі азаматтық құқықтардың объектілері, оның ішінде ақша, бағалы қағаздар, өзге де мүліктер (ұқсатусыз-ақ сатуға арналған немесе жеке пайдалануға арналған тауарлардан басқа), мүліктік құқықтар, санаткерлік қызмет нәтижелерінің құқықтарының объектілері түріндегі кәсіпкерлік қызметте пайдаланылатын мүліктік және санаткерлік құндылықтардың барлық түрлері, сондай-ақ оларға арналып коммерциялық занды тұлғаның жарғылық капиталына не негізгі құралдар жасауға немесе ұлғайтуға салынатын құқықтар;

2) инвестор - отандық немесе шетелдік инвестор;

3) отандық инвестор - Қазақстан Республикасының азаматтары Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын, шетелдік азаматтар және азаматтығы жоқ адамдар, сондай-ақ Қазақстан Республикасында инвестициялық қызметті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының занды тұлғалары;

4) шетелдік инвестор - Қазақстан Республикасында инвестициялық қызметті жүзеге асыратын субъектілер:

басқа мемлекеттің аумағында инвестицияларды жүзеге асыруға құқылы шетел азаматтары; азаматтық құқық қабілеттілігі мен әрекет жасау қабілеттілігі олардың тұрақты тұратын жеріндегі мемлекеттің зандарына сәйкес белгіленетін және көрсетілген мемлекеттің зандарына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында инвестицияларды жүзеге асыруға құқылы азаматтығы жоқ адамдар; Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұрақты тұрғылықты жері бар Қазақстан Республикасының азаматтары;

шетелдік занды тұлғалар мен халықаралық ұйымдар;

Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес шет мемлекеттер; оларға қатысты шетелдік инвесторлар осындаған заңды тұлғалар қабылдаған шешімдерді белгілеуге құқығы бар Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары;

5) Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы - Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен құрылған заңды тұлға, оның ішінде шетелдік қатысуы бар үйим ;

6) шетелдік қатысуы бар үйим - жарғылық капиталына шетелдік инвестор толық немесе үлестік қатысуы бар Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы;

7) шетелдік заңды тұлға - шет мемлекеттің заңдарына сәйкес құрылған заңды тұлға;

8) инвестициялық қызмет - заңды және жеке тұлғалардың (жеке кәсіпкерлердің) кәсіпкерлік қызметте пайдаланылатын коммерциялық заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысуы жөніндегі немесе негізгі құралдарды жасау немесе ұлғайту жөніндегі қызметі ;

9) инвестициялық дау - Қазақстан Республикасының заңдарын бұзатын инвесторлардың іс-әрекетіне байланысты дауларды қоспағанда, инвестордың инвестициялық қызметіне байланысты инвесторлар мен мемлекеттік органдардың арасындағы шарттық міндеттемелерден туындайтын дау;

10) инвестициялық артықшылықтар - Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларына берілетін инвестициялық салықтық артықшылықтар және мемлекеттік заттай гранттар түріндегі атаулы сипаттағы артықшылықтар;

11) инвестициялық салықтық артықшылықтар - Қазақстан Республикасының салық заңдарына сәйкес жиынтық жылдық кірістен қосымша шегерімдер құқығын беру, сондай-ақ мүлікке арналған салықты төлеуден босату;

12) мемлекеттік заттай гранттар - инвестициялық жобаны іске асыру үшін Қазақстан Республикасының заңды тұлғага беретін Қазақстан Республикасының меншігі болып табылатын мүлік ;

13) уәкілетті мемлекеттік орган - Келісім-шарттарды жасасуға және олардың орындалуын бақылауға тікелей байланысты құқықтар берілетін орталық атқарушы орталық ;

14) Келісім-шарт - уәкілетті мемлекеттік органмен жасалатын және

инвестициялық артықшылықтарды көздейтін инвестицияларды жүзеге асыруға арналған шарт;

15) Модельдік келісім-шарт - Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін және инвесторлармен келісім-шарттар жасасқан кезде пайдаланылатын үлгі келісім-шарт.

Инвесторлардың, Қазақстан Республикасының заң актілерінде тікелей көзделген жағдайлардан басқа, кез келген объектілер мен қызмет түрлеріне инвестициялар салуды жүзеге асыруға құқығы бар.

## 2-тарау. Инвестициялардың құқықтық режимі

### 4-бап. Қазақстан Республикасының аумағында инвесторлардың қызметін құқықтық қорғау кепілдігі

1. Инвесторға Конституциямен, осы Заңмен, Қазақстан Республикасының заңдарымен және өзге де нормативтік құқықтық актілерімен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттармен қамтамасыз етілетін инвестордың құқықтары мен мүдделері толық және сөзсіз қорғалады.

2. Инвестор мемлекеттік орган заңға сәйкес келмейтін акті шығару нәтижесінде, сондай-ақ осы органдардың лауазымды адамдарының әрекетінің (әрекетсіздігінің) нәтижесінде оған келтірілген зиянды Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарына сәйкес өтетуге құқылы.

### 5-бап. Кірістерді пайдаланудың кепілдіктері

1. Инвесторлар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдерді төлегеннен кейін өзінің қызметінен алынған кірістерді өз қалауы бойынша пайдалануға құқылы.

2. Кірістерді және басқа да қаражатты сақтау мен пайдалану үшін инвесторлар Қазақстан Республикасының аумағындағы банктерде Қазақстан Республикасының банктік және валюталық заңдарына сәйкес ұлттық валютада және шетелдік валютада банктік есепшоттар ашуға құқылы.

### 6-бап. Мемлекеттік органдардың инвесторларға қатысты қызметінің жариялышы

1. Инвесторлардың мүдделерін қозғайтын Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының ресми хабарлары, оның ішінде нормативтік құқықтық актілері заңдарда белгіленген тәртіппен жарияланады.

2. Инвесторларға, заңды тұлғаларды тіркеу туралы, олардың жарғылары туралы, жылжымайтын мүлікпен жасалатын мәмілелерді тіркеу туралы, сондай-ақ берілген

лицензиялар туралы ақпараттарға еркін қол жеткізу қамтамасыз етіледі.

7-бап. Уәкілдегі органдардың тексеруді жүзеге асыруы

1. Инвесторлардың құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында мемлекеттік органдар жүргізетін тексерулер, сондай-ақ олардың инвесторлардың қызметін бақылау мен қадағалауды жүзеге асыруы Қазақстан Республикасының заңнамаларында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде ғана жүргізіледі.

2. Инвестордың қызметін тексеруді, бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру құқығын осы құқық Қазақстан Республикасының заң актілерімен арнайы берілген мемлекеттік органдар ғана пайдаланады.

8-бап. Мемлекеттің меншігіне алу және реквизиттеу кезінде  
инвесторлар құқықтарының кепілдіктері

1. Мемлекеттік мұқтаждар үшін инвестордың мүлкін не оған тиесілі заңды тұлғаның мүлкін мәжбүрлеп иеліктен алуға (мемлекеттің меншігіне алу, реквизиттеу) Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген ерекше жағдайларда жол беріледі, бұл ретте оның бағасына тең құны өтеледі.

2. Мемлекеттің меншігіне алған кезде инвесторға не оған тиесілі заңды тұлғага Қазақстан Республикасының мемлекеттің меншігіне алу туралы заң актілерін шығару нәтижесінде оған келтірілген зиян толық көлемде өтеледі.

3. Инвестордың мүлігін не оған тиесілі заңды тұлғаның мүлігін реквизиттеу оған мүліктің рыноктағы құнын төлей отырып, жүзеге асырылады.

4. Меншік иесіне реквизитtelген мүліктің құны өтелген баға сот тәртібімен даулануы мүмкін.

5. Реквизиттеудің жүргізілуіне байланысты жағдайлар тоқтатылған кезде, инвестор не оған тиесілі заңды тұлға сақталған мүліктің қайтарылуын талап етуге құқылы, бірақ, бұл ретте мүліктің құны төмендеуінен болған шығысты есепке ала отырып, өзі алған өтемақы сомасын қайтаруға міндettі.

9 - бап . Дауларды шешу

1. Инвестициялық даулар, мүмкіндігінше, келіссөздер жолымен, оның ішінде сарапшыларды тарта отырып не дауларды шешудің бұрын келісілген, оның ішінде тараптар белгілеген рәсімге сәйкес шешіледі.

2. Осы баптың 1-тармағының ережелеріне сәйкес инвестициялық дауларды шешу тараптардың кез келгені екінші тарапқа дауға жазбаша хабарлаған күннен бастап үш айдың ішінде мүмкін болмаған кезде дауларды шешу Қазақстан Республикасының

халықаралық шарттарына және Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес Қазақстан Республикасының соттарында, сондай-ақ шетелдік инвестордың және мемлекеттік органның келісімімен дауларды қарау берілген халықаралық төрелік с о т т а р д а ж ү р г і з і л е д і .

3. Шетелдік инвесторлардың шетелдік Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарымен инвестициялық дау санатына жатпайтын даулары, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шешіледі.

4. Шетелдік инвесторлардың Қазақстан Республикасының азаматтары мен заңды тұлғалары арасындағы дауларын, егер Қазақстан Республикасының заң актілерімен немесе тараптардың келісіммен өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының сот органдары шешеді.

#### 10-бап. Шетелдік инвестициялардың құқықтық режимінің ерекшеліктері

1. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарымен тыйым салынбаған шетелдік инвестициялардың және оларға байланысты қызметтің кез келген нысандары Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген алып тастауларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының жеке немесе заңды тұлғаларының не кез келген өзге де шетелдік жеке және заңды тұлғалардың инвестицияларына берілетінімен салыстырғанда кем емес қолайлы жағдайларда жүзеге асырылады.

#### 2. О с ы р е ж и м :

а) Қазақстан Республикасы басқа мемлекеттердің жеке немесе заңды тұлғаларына беретін Қазақстан Республикасы бекіткен осы мемлекеттермен жасасқан халықаралық шарттарға сәйкес не осы мемлекеттермен бірлесіп қатысуымен жасасқан халықаралық конвенциялардағы артықшылықтарға;

б) Қазақстан Республикасының заң актілерінде тікелей көзделген өзге де жағдайларда қолданылмайды.

3. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қажеттігін негізге ала отырып, Қазақстан Республикасының заң актілерінде шетелдік инвесторлардың немесе шетел қатысатын үйимдардың инвестициялық қызметтің шектейтін немесе оған тыйым салатын қызметтің түрлері не аумақтар белгіленуі мүмкін.

#### 11 - б а п . С у б о р о г а ц и я

Егер шет мемлекет немесе ол уәкілеттік берген мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырылған инвестицияларға қатысты шетелдік инвесторға берген кепілдік (сақтандыру шарты) бойынша шетелдік инвестордың пайдасына төлем жүргізетін болса және осы шетелдік мемлекетке немесе ол уәкілеттік

берген мемлекеттік органға көрсетілген инвестицияларға қатысты шетелдік инвестор құқығы көшетін (талапқа көну) болса, онда Қазақстан Республикасында құқықтардың осындай көшуі (талапқа көну) шетелдік инвестор Қазақстан Республикасында инвестицияларды жүзеге асырған және (немесе) инвестор өзінің инвестициялық міндеттемелерін орындаған жағдайдаған заңды деп танылады.

3-тарау. Инвестицияларды мемлекеттік қолдау

12-бап. Инвестицияларды мемлекеттік қолдаудың мақсаты

1. Инвестицияларды мемлекеттік қолдаудың мақсаты осы заманғы технологиялар негізінде жұмыс істеп тұрган өндірістерді құруға, кеңейтуге және жаңартуға, жаңа жұмыс орындарын құруға және бұрынғы бар жұмыс орындарын сақтауға, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғауға инвестицияларды ынталандыру болып табылады.

2. Инвестицияларды мемлекеттік қолдау инвестициялық артықшылықтар беруден көрінеді.

## 13-бап. Үәкілетті мемлекеттік орган

## 1. Инвестицияларды мемлекеттік қолдауды Қазақстан Республикасының

Үкіметі белгілейтін уәкілетті мемлекеттік орган жүзеге асырады.

2. Өзінің құзыреті шегінде және өзіне жүктелген міндеттерді орындау мақсатында уәкілді мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен тиісті мемлекеттік органдардың мамандарын, Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғалары қатарынан консультанттар мен сарапшыларды тартуға құқылы.

3. Уәкілетті мемлекеттік органның қызметі Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін тиісті ережемен реттеледі.

## 14-бап. Инвестициялық артықшылықтардың түрлери

Осы Заңға сәйкес мынадай инвестициялық артықшылықтар беріледі:

- 1) инвестициялық салықтық артықшылықтар;
  - 2) мемлекеттік заттай гранттар.

15-бап. Инвестициялық артықшылықтарды берудің тәртібі

1. Инвестициялық артықшылықтар қызметтің басым түрлеріне беріледі, олардың тізбесін қызмет түрлерінің тармақтарының жіктемесі деңгейінде Қазақстан Республикасының **Үкіметі** **бекітеді**.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметтің әрбір басым түрі бойынша инвестициялардың ең жоғары көлемін және инвестициялық салықтық артықшылықтардың қолданылу мерзімдерін бекітеді, бұл ретте инвестициялық артықшылықтарды **уәкілетті мемлекеттік орган береді**.

3. Инвестициялар белгіленетін ең жоғары көлемнен асып кеткен жағдайда, қолданылатын инвестициялық салықтық артықшылықтарын қолдану мерзімдері Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті шешімдерін қабылдау жолымен белгіленеді.

4. Инвестициялық артықшылықтар инвестормен Келісім-шарт жасасу арқылы **беріледі**.

#### **16-бап. Инвестициялық артықшылықтар берудің шарттары**

##### **Инвестициялық артықшылықтар:**

1) көзделетін инвестициялық қызмет қызметтің басым түрлерінің тізбесіне сәйкес **б о л ф а н**;

2) осы заманғы технологиялардың негізінде өндірістердің жаңаларын құру, сондай-ақ жұмыс істеп тұрғандарын кеңейту және жаңарту үшін инвестиацияларды Қазақстан Республикасы заңды тұлғасының негізгі құралдарына жүзеге асырған;

3) осы Заңның 18-бабының 1-тармағында көрсетілген, инвестициялық жобаны іске асыру үшін қаржылық, техникалық және ұйымдастырушылық мүмкіндіктерінің бар екендігін растайтын қажетті құжаттарды ұсынған жағдайда беріледі.

#### **17-бап. Инвестициялық салықтық артықшылықтар**

1. Инвестициялық салықтық артықшылықтар негізгі құралдарға жұмсалатын инвестиациялардың көлеміне қарай белгіленетін, бірақ 5 жылдан аспайтын мерзімге **беріледі**.

2. Инвестициялық салықтық артықшылықтарды қолдану басталатын күн "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының кодексіне сәйкес келісім-шартта белгіленеді.

3. Заңды тұлға жүзеге асыратын арнайы салық режимі қолданылатын қызметке, сондай-ақ жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттар бойынша қызметке қатысты инвестициялық салықтық артықшылықтар берілмейді.

4. Қазақстан Республикасының заңды тұлғасына мемлекеттік заттай грант түрінде берілген негізгі құралдарға қатысты инвестициялық салықтық артықшылықтар

## б е р і л м е й д і .

### 18-бап. Мемлекеттік заттай гранттар

1. Мемлекеттік заттай гранттар осы Заңда белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметі не уәкілетті мемлекеттік орган мемлекеттік мүлік және жер ресурстарын басқару саласындағы тиісті мемлекеттік органдармен келісім бойынша Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес меншікке не жерді пайдалану құқығымен береді.

2. Мемлекеттік заттай гранттар ретінде: жер участелері, ғимараттар, құрылыштар, машиналар мен жабдықтар, есептеу техникасы, өлшектін және реттейтін аспаптар мен құрылғылар, көлік құралдары (жеңіл автомобиль көлігін қоспағанда), өндірістік және шаруашылық жабдықтар берілуі мүмкін.

3. Мемлекеттік заттай гранттардың құнын бағалау Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

4. Мемлекеттік заттай гранттың ең жоғарғы мөлшері Қазақстан Республикасы заңды тұлғасының негізгі құралдарына жұмсалатын инвестициялардың отыз процентінен аспайды.

Сұрау салынған мемлекеттік заттай гранттың бағаланған құны көрсетілген ең жоғары мөлшерден асқан жағдайда, Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы сұрау салынған мүлікті оның бағаланған құны мен мемлекеттік заттай гранттың ең жоғарғы мөлшерінің арасындағы айырманы төлеп, алуға құқығы бар.

### 19-бап. Инвестициялық артықшылықтарды беруге арналған өтінімге қойылатын талаптар

1. Нысанын уәкілетті мемлекеттік орган бекітетін инвестициялық артықшылықтар беруге арналған өтінім мынадай құжаттар болған жағдайда қабылданады және тіркеледі:

- 1) мемлекеттік тіркеу туралы күелік;
- 2) заңды тұлғаның статистикалық карточкасы;
- 3) Жарғысы (нотариалды куәландырылған);

4) уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген талаптарға сәйкес жасалған инвестициялық жобаның бизнес-жоспары немесе техникалық-экономикалық негіздемесі;

5) жобаны іске асыру кезінде пайдаланылатын құрылым-монтаж жұмыстарының сметалық құнын және жабдықтар мен технологияларды сатып алуға арналған шығындарды негіздейтін құжаттар;

- 6) инвестордың қаржылық мүмкіндіктерін раставтын құжаттар.

Өтінімді қарau барысында уәкілетті мемлекеттік орган инвестициялық жобаны іске асыруға қатысты қосымша ақпаратты талап етуге құқылы. Қосымша ақпаратты беру туралы талап өтінімді қабылдаудан және тіркеуден бас тартуға әкеп соқпайды.

## 20-бап. Инвестициялық жобаның сараптамасы

1. Инвестициялық артықшылықтарды беруге арналған өтінім уәкілетті мемлекеттік органның қарауына табис етіледі, ол 15 күн ішінде оның осы Заның 15-бабында белгіленген талаптарға сәйкестігін қарайды.

2. Инвестициялық артықшылықтарды беруден бас тарту туралы шешім қабылданған жағдайда, уәкілетті мемлекеттік орган өтінім берушіге дәлелді бас тартуды жазбаша түрде жолдайды.

## 21-бап. Келісім-шартты жасасу

1. Инвестициялық артықшылықтарды беру туралы шешім қабылданған күннен бастап 20 күнінен аспайтын мерзімде уәкілетті мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін Модельдік келісім-шарттың ережелерін ескере отырып, Келісім-шартты қол қоюға дайындайды.

2. Келісім-шарт қол қойылған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде

уәкілетті мемлекеттік органда ол белгілеген тәртіппен тіркеледі және ол тіркелген сәтінен бастап құшіне енеді.

3. Уәкілетті мемлекеттік орган Келісім-шарттың жасалғандығы туралы оны тіркеген күннен бастап 10 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде орталық салық органдарына хабарлайды.

## 22-бап. Келісім-шартты бұзудың шарттары

1. Инвестициялық артықшылықтардың қолданылуы Келісім-шарттың қолданылу мерзімі аяқталысымен тоқтатылады не осы Занда белгіленген тәртіппен осындаған мерзім аяқталғанға дейін тоқтатылуы мүмкін.

2. Келісім-шарттың қолданылуы:

- 1) тараптардың келісімі бойынша;
- 2) осы баптың 3-тармағына сәйкес бір жақты тәртіппен;
- 3) сот шешімі бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

3. Уәкілетті мемлекеттік орган мынадай жағдайларда:

1) өтінім берушінің уәкілетті органға берген мәліметтерді бұрмалағаны немесе жасырғаны анықталған және соңғысының инвестициялық артықшылықтарды беру жөніндегі шешіміне ықпал еткен кезде;

2) инвестор Келісім-шарт бойынша өзінің міндеттемелерін орындаған кезде, бұл туралы инвесторға жазбаша түрде хабарлаған кезден бастап үш ай өтісімен Келісім-шартты бір жақты тәртіппен бұзуға құқылы.

4. Осы баптың 3-тармағында белгіленген негіздер бойынша Келісім-шарт бұзылған кезде инвестициялық артықшылықтарды алушылар болып табылатын Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары:

Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген айыппұл санкцияларын қолдана отырып, Келісім-шарт бойынша берілген инвестициялық салық артықшылықтарының салдарынан төленбекен салықтардың сомаларын төлейді;

оларға мемлекеттік заттай грант ретінде берілген мулікті заттай не келісім-шарттың шарттарына сәйкес берілген күнге оның бастапқы құнын қайтарады және мемлекеттік заттай грантты берудің салдарынан түспеген пайданы сот тәртібімен өтейді.

#### 4-тaraу. Қорытынды ережелер

##### 23 - бап.      Θ т п е л і      е р е ж е л е р

1. Заңдардағы өзгерістердің нәтижесі болып табылатын шетелдік инвестордың жағдайы нашарлаған кезде, осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін жүзеге асырылған шетелдік инвестицияларға инвестицияларды жүзеге асырған кезден бастап 10 жыл ішінде инвестиацияларды жүзеге асыру кезеңінде қолданыста болған заңдар қолданылады, ал осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін уәкілетті органдармен жасалған ұзақ мерзімді (10 жылдан астам) Келісім-шарттар бойынша жүзеге асырылған инвестициялар, егер Келісім-шартта өзгеше көзделмесе, Келісім-шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін қолданылады.

Заңдардағы өзгерістердің нәтижесі болып табылатын шетелдік инвестордың жағдайы жақсарған жағдайда, шетелдік инвестор мен мемлекеттік органының арасындағы келісім-шарттардың жекелеген шарттары тараптардың экономикалық мүдделерінің тенденстірлігуіне қол жеткізу мақсатында тараптардың келісімі бойынша өзгеріледі.

2. Осы баптың 1-тармағында белгіленген кепілдіктер Қазақстан Республикасының заңдарындағы өзгерістерге қолданылмайды және (немесе) акцизделетін тауарлар импортының және (немесе) өндірісінің және (немесе) сатылуының, ұқсатусыз-ақ сатуға арналған тауарлар импортының тәртібі мен шарттары (оның ішінде салық салу мәселелері және мемлекеттік реттеудің өзге де шаралары) өзгеретін Қазақстан

Республикасы халықаралық шарттарының күшіне енуіне және (немесе) өзгерісіне қолданылады.

3. Осы баптың 1-тармағының ережелері конституциялық құрылышты қорғау, мемлекеттік қауіпсіздікті, құқықтық тәртіпті, қоршаған ортаны, меншікті, халықтың адамгершілігін, азаматтардың өмірін, денсаулығы мен еркіндігін қорғауды қамтамасыз ету, сондай-ақ трансферттік бағаларды қолдану мақсатында Қазақстан Республикасының заң актілеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларға қолданылады.

4. Салық заңдарының өзгеруі салдарынан шетелдік инвестор жағдайының нашарлауы немесе жақсаруы, оның жағдайының нашарлауы немесе жақсаруы болған салық кезеңінде шетелдік инвестордың қаржылық жай-қүйіне ықпал ететін қаржы-шаруашылық қызметінің көрсеткіштерін ескере отырып, салықтардың барлық түрлері және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша (акциздер мен кеден баждарын қоспағанда) жиынтық күйінде белгіленеді.

5. Шетелдік инвестор жағдайының нашарлауы немесе жақсаруы фактісін

анықтау Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

6. Инвестицияларды жүзеге асырудың кезеңі мыналардың алғашқы күні болып саналады:

инвестициялық жобаны іске асыру жөніндегі бірінші төлем енгізілген күн;

мұліктік құқықтарды, санаткерлік қызметтің нәтижелерінің құқықтарын инвестициялар ретінде беруді ресімдеу күні.

Осы тармақтың бірнеше шарттары болған жағдайда, көрсетілген шарттардың біріншісі орындалған күн Қазақстан Республикасында инвестицияларды жүзеге асырудың бастапқы күні болып танылады.

7. Егер инвестицияларды жүзеге асыру күні осы баптың 1-тармағының ережелеріне сәйкес анықталмаған жағдайда, онда ол тараптардың келісімімен анықталады.

24-бап. Осы Занды қолданысқа енгізу

Осы Заң 2002 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Мамандар:

Багарова Ж.А.,  
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК